

Бюджеттік борыштар бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 28 желтоқсандағы N 1872

Алынған материалдық құндылықтар үшін "ОПС-Ульба" акционерлік қоғамына Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қарызын қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

республикалық бюджеттің және 1995 жылдың 15 желтоқсанындағы жағдай бойынша 40 млн. (қырық миллион) теңге мөлшерінде кеден бажын төлеу жөнінде республикалық бюджеттің алдында қарызы бар "ОПС-Ульба" акционерлік қоғамының арасында қарыздың бір жолғы есептемесін жүргізісін;

осы соманы "ОПС-Ульба" акционерлік қоғамынан алынған материалдық құндылықтар үшін қарызды өтеуге Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігін қаржыландыру есебіне есепке алынып, оны республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөлімдерінде көрсетсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі алынған материалдық құндылықтар үшін кредиторлық қарызды қаржыландыру кезінде республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат есебіне есепке алатын болсын.

3. "ОПС-Ульба" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің дебиторлық қарызын кеден бажы жөніндегі кредиторлық қарызды ету есебіне есепке алатын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі